

салынған бөлмелерде өткізілген балдарда орындалады. Элиталы (тарихи-тұрмыстық) және халық билерінің үлкен әртүрлілігінен бал билері тобына 2 белгімен сипатталатын билер кірді: барлық жұптық бал билері; ер және әйел жұп билері.

Қазіргі уақытта «бал билері» деп спорттық билер (СБТ, спорттық бал билері) және «Би спорты» сөз тіркестерін білдіреді. Бұл түрлі би ұйымдарының атауларында көрсетілген.

Барлық би әлемінде спорттық би бойынша жарыстар 2 бағдарламаға бөлінеді: еуропалық (Standart немесе Modern), латын америкалық (Latin) немесе оларды кейде он би деп атайды.

Еуропалық бағдарламаға: баяу вальс, танго, Вена вальсі, баяу фокстрот және квикстеп (жылдам фокстрот) кіреді. Латынамерикандық: самба, ча-ча-ча, румба, пасодобль және джайв.

Заманауи би-бұл би билеуде көрсету және өзін көрсету ғана емес, сонымен қатар өзін жақсы білу, өзін-өзі тану тереңіне түсу мүмкіндігі. Заманауи би – бұл қазіргі заманғы поп-музыка, мейнстрим, киім стилі, раскованность арқылы қоршаған ортаны түсінуді беру [3].

Билеуге жақсы көрген адам әрқашан, ол өзіндік түрі білдіру өз сезімдерін көрсету және жақсы физикалық нысаны. Бүкіл тарихында билер өткеріп, көптеген өзгерістер болды.

Заманауи би түрлері алуан түрлі, бірақ олардың әрқайсысының өз тарихы өте тартымды. Олар туындаған қарама-қарсы догматичному және дәстүрлі балет элементтері, оның күрделі және трудновыполнимы үшін необученных. Қатаң классикалық қозғалыс талап ететін, бірнеше рет жаттығулар, жоқ болу мүмкін көпшілік. Сондықтан, құру қажеттілігі туындады жаңа заманауи би, жылжымалы және қарапайым.

Бидің бұл түрі музыкадағы заманауи бағыттармен әуестенетіндерге, ойын-сауық және клубтарды ұнататындарға, денесінен ұялмайтындарға арналған. Заманауи би – ерекше атмосфера мен техникамен біріктірілген би стильдері мен бағыттарының «жинағы». Қазіргі би стильдері әдетте әртүрлі субкультураның ажырамас бөлігі болып табылады. Осылайша, хип-хоп би стилінің барлық түрлері – субмәдениеттің бір бағыты, оның барлық бөліктері – музыка, Сән, стиль-бір-бірімен тығыз байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Абирова Д.Т. История казахского танца: Учебное пособие. - Алматы: «Санат», 1997. - 160 с
2. Жиенкулова Ш. Би өрнектері. – Алматы: Рауан, 2010. - 314 б.
3. Аюханов Б. Современное состояние балетного искусства в Казахстане. Алматы, 17 января 2005 года. [Электрондық ресурс] URL: www.aukhanov.kz

МУЗЫКАНЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАБЫЛДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кудебаева Н.Ж., 4 курс, Музыкалық білім

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., профессор **Жақаева С.А.**

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті., Қостанай қ.

Музыкалық өнердің шығармаларын түсіну процессінде бастапқы және негізін салушы адами іскерліктің түрі қабылдау болып табылады. Орындаушылық және шығармашылық сияқты негізгі музыкалық іскерлік түрлеріне дәл осы қабылдау алу жетістігі қолайлы жағдай жасайды; ендеше, музыкалық білім берудің мақсаты болып табылатын оқушыларды музыкалық – эстетикалық тәрбиелеу процессі нәтижелі болады .

Әр түрлі жастағы оқушыларға музыкалық материалдағы қабылдау сұрақтары, психологиялық: мәтінмен жұмыс жасау ерекшелігі; оқылып жатқан шығарманың интерпритациясы, музыкалық материалды анализдеу кезіндегі қабылдауды жандандыру,

музыка сабағында бірге шығрмашылықпен айналысу және бірге қиналуды мынандай психологтар, музыкатанушылар, педагогтар зерттеп таныған: Э.Б. Абдуллин, Е.В. Александрова, Ю.Б. Алиев, Л.С. Выготский, Г.М. Готсдинер; Л.С. Давыдова, А.Н. Леонтьев, Ф.В. Малухова, В.В.Медушевский, М.П. Миронова, Н.К.Миронова, И.Е.Молостова, Е.Г. Назайкинский, Г.И. Панкевич, В.И. Петрушиц, Я.А. Поддяков, Л.С. Самсонидзе, М.А. Смирнов, Н.Н. Суворов, К.В. Тарасова, Л.А. Тарасова, Б.М. Теплов; К.А. Цатурян, В.С. Цуккерман, Г.М. Цыпин, Д.Б. Эльконин және басқалары.

Антикалық уақыттан бастап музыканы қабылдау проблемаларына көп көңіл бөлінген. Мысалы, Пифагор және оның оқушылары музыкада бүкіл Ғаламға таралған болмыстың мәнін «сфералар музыкасын» қарастырды. «Сфералар музыкасы» олар үшін әлемді ретке келтірудің тәсілі, адамның, Аспанның және Жердің үйлесімділігін келтіру амалы деп түйіндеген. Кез келген адамның құлағы өте қатты дыбыстарды қабылдай алмайды «сфералар үйлесімділігі» - өте қуатты, себебі ол өте үлкен денелердің қозғалыс әсерінен болады.

Егер пифагорлықтар үшін қабылдаудың акустикалық және физикалық бағыты сипатталса, одан кешірек уақыттағы ойшылдар үшін бірінші орынға бағалылығы және эстетикалық бағыты тұрады. Музыкалық қабылдауды және адамгершіліктің бастауының байланысын Аристотель «қозғалыс» және «энергия» түсініктері арқылы белгіліген. Ол: «Неге біздің сезгіш әлеміміздің объектілерінің ішінде эстетикалық қасиет есту қабілеті арқылы қабылдай алатын объектілерде ғана қорытындыланады? Ол есту қабілетінің жолымен ғана қабылданатын объекттер қозғалыспен сүйемелденетінімен байланысты емес па? Ал сол қозғалыстар біздің энергиямызды оятады; ал энергия этикалық қасиеттің белгісі» . Барлық музыкалық қозғалыстар, яғни музыаның динамикалық міздемесі, Аристоиель бойынша, біршама мазмұнды болып келеді. Көзбен көру бізге тек қана заттың жалпы формасын береді, бұл кезде әр адам әр қалай қабылдайды және эмоциялары да онша көріне бермейді, осы кезде әуендегі сияқты өздігінен жаңа характер пайда болады.

Музыкада жанрлық дәстүрлердің қатаңдығы сақталды. Әр жанрға өзінің ауытқуға рұқсат етілмеген белгілі бір биіктігі берілген. Мысалы, Аристотель, әртүрлі ладтағы музыка адамдағы белгілі бір моральдысапа мен жанның қасиетін қабылдауына әсер ететініне сендірген борлатын. Әсіресе ол жанға тұрақтылықты, «алтын орталықты» ұстануға батылдықты және талпынушылықты музыкада көп ерекшеледі .

Аристоксеннің еңбектерінде ғана – Аристотельдің шәкірті (шамамен б.з.д. 354 – 300 ж.ж.) – музыкалық қабылдау түсінігінің мүлдем басқа мазмұнда келеді. Аристоксен музыкалық қабылдауды үш моменттің бірлігі деп көрсетті: жеке – жеке дыбыстардың дәл қабылдануы (олардың биіктігі), әуеннің өте ертеректегі және кейінгі бөлімдерінің пайымдаушылық салыстырылуы, және мелодиялық процессте кездейсоқтық пен маңызды затты салыстыру. Аристоксен музыканы түсіну соңы екі элементтен тұрады деп есептейді, олар: қабылдау мен еске түсіру, ол болмасамузиканы талдау тұрмақ түсіну мүмкін емес.

Баланың музыкамен өзара әрекеті мектепке барғанға дейін басталады. Сондықтан мектептегі кейбір музыкалық материалдар оларға таныс.

Кіші мектеп жасындағы балалардың ең қызық ерекшеліктерінің бірі олардың мектепке келуі. Оларда жаңа іскерлік түрі пайда болады – оқу. Бала үшін ең басты адам – мұғалім. «Бастауыш сыныптағы балалар үшін ұстаз – ең негізгі адам. Олар үшін барлығы өмірде бірінші қиын қадамдарда жүріп өтуіне көмектескен ұстаздардан басталады...». Солар арқылы балалар әлемді таниды, қоғамдық тәртіптің нормаларын түсінеді. Оқытушылардың көзқарасы, талғамы, айтқандары олар үшін меншікті бола бастайды .

Мектепке дейінгі жастың аяғында бала тұлға болып саналуы мүмкін. Ол өзінің жынысын түсініп, қоршаған ортада өз орның таба алады. Баланың мектепке алғаш барып түсуіне сәйкес психикасының өзгеруі 6-7 жасар балалардың мектептегі оқу мен тәлім-тәрбиеге даярлаудың басты талаптары.

Баланың мектепке түсуі бұл танымдық процесстердің жаңа даму деңгейіне өту мен қатар адамның жеке дамуына жаңа жағдайлардың пайда болуымен ерекшеленеді.

Психологтардың айтуынша осы уақыт кезеңінде баланың жетекші іс-әрекеті оқу

әрекеті болып табылады. Үлкендерге, ең алдымен мұғалімдерге шексіз сенімді болу, оларға еліктеу мен бағыну осының барлығы кіші мектеп балалардың ерекшелігі болып табылады. Осы жастағы балалар үлкендерді авторитетін мақұлдап оның бағаларын сөзсіз қабылдайды. Бұл осы жаста - өзін-өзі бағалау деген жаңашылдықтың пайда болуына негіз болады. Сондықтан бастауыш мектеп балаларында мектепке дейінге балаларға қарағанда өзін-өзі бағалау әртүрлі болып келеді: адекватты, адекватты емес: көтерілген немесе төменделген .

Мектепке бару – бала өміріндегі шешуші кезең өмір мен іс-әрекеттің жаңа күйіне, қоғамдағы жаңа орынға, үлкендер және құрдастарымен жаңа қарым-қатынастарға көшу болып табылады.

Оқушы орнының өзгеше ерекшелігі оның оқушының міндетті, қоғамдық мәні бар іс-әрекет екендігінде. Оқу үшін бала мұғалімнің, мектептің, үй ішінің алдында жауап береді. Оқушының өмірі мектеп балаларының бәріне бірдей және қатал ережелер жүйесінде бағындырылады. Оқудың негізгі мазмұны барлық балаларға ортақ білімдерді меңгеру болып табылады.

Оқушы мен мұғалім арасында қарым-қатынастардың мүлде ерекше типі қалыптасады. Мұғалім баланың жақтыратын не жақтырмайтын үлкен адамдарының бірі емес. Ол балаға қоғамдық талаптар қоятын нақтылы адам болып табылады. Сабақта алынатын баға – баланың жеке өзімен қарым-қатынас емес, оның білімдерінің, оның оқу міндеттерін орындаудың нақтылы өлшемі. Жаман бағаны тіл алумен де, өкінумен де түзеп болмайды.

Сынып оқушыларының арасындағы қарым-қатынастардың да балабақшада орнатылған қарым-қатынастардан айтарлықтай айырмашылығы бар. Құрдастарының тобындағы баланың орнын анықтаушы басты өлшемі – сабақта алатын баға мен жетістіктер. Сонымен бірге міндетті іс-әрекетке бірге қатынасу жалпы жауапкершілікке негізделген қарым-қатынастардың жаңа типін туғызады.

Өзінің мазмұны және ұйымдастыруы жағынан мектеп баласының оқу қызметі мектепке дейінгі жастағы балаға үйреншікті болып кеткен іс-әрекет түрлерінен тым айрықша келеді. Білімдерді меңгеру бірден-бір мақсатқа айналады, ойын немесе тапсырманың жемісті формаларымен бүркемеленбей айқын күйінде көрінеді. Балалардың мектепте алатын білімдері ғылыми сипатта болады. Егер таяудағы уақытқа дейін бастауыш оқыту ғылым негіздерін жүйелі игерудің дайындық сатысы болған болса, енді ол бірінші сыныптан басталатын сондай игерудің буынына айналады.

Мектеп балаларының оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі формасы – уақыттың әр минутына дейін есептелген сабақ. Сабақта балалардың бәрі мұғалімнің нұсқауларын қадағалап, оларды дәл орындауы, алаңдамауы, бөгде іспен айналыспауы тиіс. Мектеп баласының өмірі мен іс-әрекеті жағдайларының барлық осы ерекшеліктері оның өз басының әр түрлі жақтарына, оның психикалық қасиеттеріне, білімдеріне, қабілеттеріне, жоғары талаптар қояды. Мектеп баласы оқуға жауапкершілікпен қарауға, оқудың қоғамдық мәнділігін ұғына білуге, мектеп өмірінің талаптары мен ережелеріне бағынуға міндетті. Табысты оқу үшін оған жетілдірген танымдық, ынта едәуір ауқымда ақыл-ой шеңбері қажет .

Бастауыш сыныптағы оқу іскерлігін қалыптастыратын қасиеттер компелкі өте-мөте қажет. Бұларға оқу міндеттерінің мәнін, оның өмірде кездесетін міндеттерден айырмашылығын түсіне білу, іс-әрекеттерді орындау тәсілдерін ұғыну, өзін-өзі бақылау мен өзіндік бағалаудың дағдылары кіреді. Баланың ерік қасиеттері дамуының үлкен мәні бар, онысыз бала өзінің мінез-құлқын саналы түрде реттеп, оны оқу міндеттерін шешуге бағындыра, сабақта өзін ұйымшыл түрде ұстай алмайды.

Баланың тек сыртқы мінез-құлқы ғана емес, сонымен бірге ақыл-ой әрекеті де – оның зейіні, есі, ойлауы – ықтиярлы басқарылуы тиіс. Бала бақылай, есте сақтай білуі, мұғалім қойған міндеттерді шешуге қол жеткізуі қажет. Болмыстың әрбір ғылым зерттейтін жақтарын біле білмеінше оқушы үшін ғылыми білімдерді меңгеру мүмкін емес. Білімдерді меңгеру ұғымдар жүйесін біртіндеп үйренуді және осыған сәйкес дерексіз логикалық ойлаудың дамуын да қажет етеді.

Осы жастағы маңызды жақ көпшілік балалардың табысқа жетудің мақсаты және мінез-

құлықты ерікті реттеудің қойылу болып табылады.

Осы уақытта адамда табысқа жетумен екі мотив байланысты: табысқа жету мотив және сәтзідіктен қашу мотиві. Осы екі мотив балалардың жетекші іс-әрекеттерінде қалыптасады: мектепке дейінгі балаларда- ойында, ал кіші мектеп жасында – оқуда. Табысқа жету мотивке келесі екі жеке құшылым әсер етеді: өзін-өзі бағалау және талаптану деңгейі. Көптеген эксперименттік зерттеулердің нәтижелері бойынша сәтсіздіктен қашу мотивы төмен, ал табысқа жету мотивы күшті бар индивидтердің өзін-өзі бағалауы адекватты болады, және де талаптану деңгейі жоғары болады. Сондықтанда табысқа жету мотивты дамыту кезінде балаларда өзін-өзі бағалау және талаптану деңгейіне үлкен зер салу керек.

Сонымен, мектепте алғашқы оқу кезеңіне келетін жасты /1-4 сыныптар/, баланың өте маңызды жеке ерекшеліктің пайда болуының және бекітілуінің кезеңі болып табылады, ал ол тұрақты болып қалыптасып болашақта әртүрлі іс-әрекетте оның табыстылығын анықтайды .

Музыкалық өнердің шығармаларын түсіну процессінде бастапқы және негізін салушы адами іскерліктің түрі қабылдау болып табылады.

Мысалы, балалардың дүниені танудың бір бөлігі сияқты эстетикалық идеалды құрастыру, күрделі әрі ұзақ процесс болып табылады. Бұл жайында жоғарыда атаалған педагогтар мен психологтардың барлығы айтып кеткен. Тәрбиелеу барысында өмірлік байланыстар, идеалдар түрлі өзгерістерге ұшырайды. Басқаша жағдайда жолдасының, лкендердің, өнер туындыларының, өмірлік соқпақтардың әсерінен идеалдар түбегейлі өзгеруі мүмкін.

Кіші мектептік жастан бастап мотивациялық сферада өзгерістер болады. Балалардың өнерге, әдемілікке деген қатынас себебі шынайылықта жете түсіндіріледі және ыңғайластырылады. Д.Б. Лихачев өзінің жұмысында, осы жаста танымдық стимулға жаңа, ұғынықты мотив қосылатынын белгілеген. Бұл: «...кейбір балалар өнермен араласады және шынайылығы нақ эстетикалық. Олар кітап оқудан, музыка тыңдаудан, сурет салудан және фильм қараудан рухани ләззат алады. Бірақ олар әлі осының бірі эстетикалық қатынас екенін білмейді. Бірақ оларда өнерге, өмірге деген эстетикалық қатынас қалыптасты. Өнермен рухани қарым – қатынасқа тартылыс бірте – бірте қажеттілікке айналады.

Басқа балалар өнермен меншіксіз эстетикалық қатынаста араласады. Олар шығармаға рационалистикалық жағынан келеді: кітап оқу немесе фильм қара деген бұйрықты алғаннан кейін, олар оқиды және қарайды бірақ мәніне терең қол жеткізу үшін емес, осылар жайлы жалпы бір нарсе білу үшін». Арасында, мәртебелі түсінік үшін оқитын, қарайтын және тыңдайтындар кездеседі. Балалардың өнерге деген шынайы мотивтерін білу педагогтерге эстетикалық қатынасты дұрыс қалыптастыруда назарларын жинақтауда көмектеседі.

Қатты эмоционалды толғаныстар есте көпке дейін сақталады, көп жағдайда мінез – құлықтың мотивтері мен стимулдарына айналады, сенім, дағды және әдетмінез- құлықтарын өндіру процессін жеңілдетеді.

Оқушылардың эстетикалық тәжірибелерінің ең негізгі қайнар көздерінің бірі әртүрлі сыныптан тыс немесе мектептен тыс жұмыстар болып табылады. Мұнда қарым – қатынас кезінде өзекті қажеттіліктер қанағаттандырылады, және тұлғаның шығармашылық дамуы қалыптасады.

Сыныптан мерекелерде балалар өздерін – өздері көрсетулеріне үшлкен мүмкіндік алады. Сыныптан тыс және мектептен тыс іскерлік процесінде Отандық мектеп эстетикалық тәрбие жағынан мол тәжірибе жинақтады. Осы іскерлікте үлкен практикалық тәжірибе А.С. Макаренко мен С.Т. Шацкаяға тиесілі. Олар ұйымдастырған тәрбиелік мекемелерде түрлі спектакльдер, драмалық шығармашылық импровизациялар дайындағанда балалар көп қатысты. Тәрбиеленушілер көркем шығармаларды және музыканы жиі тыңдады, театрлық қойылымдар мен кинофильмдерге барып оларды талдай алды, студияларда және изокружкаларда жұмыс жасады, өздерін әдеби шығармашылықтың сан қырлы түрлерінде көрсете білді. Осының бәрі тұлғаның жақсы қасиеттері мен сапаларының дамуына іскерлік стимулы ретінде көп көмектесті.

Кіші мектеп жасы – бұл эстетикалық тәрбие үшін ерекше жас аралығы, бұл уақытта

бала өміріндебасты рөлді мұғалім сомдайды. Осыны пайдаға асырып білікті педагогтар баланы эстетикалық жағынан ғана тәрбиелеп қаймай, сол эстетикалық тәрбие арқылы олардың жалпы дүниетанымдарын кеңейту үшін де барын салады, себебі дәл осы шақта баланың өмірге деген көзқарасы қалыптасып, болашақ жеке тұлғаның ішкі мазмұндық эстетикалық дамуы бастау алады.

Баланың музыкамен өзара байланысы қабылдаудан басталады Қабылдау – танымдық іскерліктің бір сатысы, анализ бен синтездің негізінде объектінің образын сомдауды әкелетін, осылайша заттың немесе құбылыстың маңызды белгілерін ерекшелеп және маңызы жоқтар мен актуалды еместердер арылуды қадағалайтын психикалық процесс.

Сонымен, өнер шығармасы өзінің тәрбиелік, білім берушілік мақсатын оқушы оны тікелей қабылдағанда, оның идеялық – көркемдік мәнін меңгергенде бағындырады.

Д.Б. Лихачев осыны түсіне отырып, мәселені шешу барысында өз ыңғайын істеп шығарды. Өз жұмысында ол оқушылардың көркем шығарманы қабылдауына үш негізгі этапты ерекшелеп көрсетті.

Көркемдік шығарманы игерудің бірінші этабына ол алғашқы қабылдауды, көркем образдарды тануда шығармашылық жаңғыртуды жатқызды. Бұл этаптың мәні көркемдік шығарманы балалардың алғашқы қабылдауын әбден ойластырып алу керек. Ол балалардың дұрыс ұйымдастырылмаған алғашқы қабылдауы, ереже бойынша түсініксіз немесе қызықсыз тұстар ұмытылып қалады, олардың назарынан тыс қалған тұстарда өмірлік тәжірибедегі кемшіліктер немесе көркемдік – эстетикалық дамудың әлсіз жақтары болып көрінеді.

Сол назардан тыс қалған тұстарда көп жағдайда мәнді және маңыздылар қалып кетуі мүмкін, оларсыз көркем шығарманың жалпы картинасын алу, оны терең меңгеру мүмкін емес» .

Өнерден сабақ берудің алғашқы кездерінен бастап балаларда міндетті түрде шығарманы қабылдауда жан – жақты кешенді қабілеттерді: оқымысты талантын, қараушы, тыңдаушы, шығармашылыққа қатынасу талантын дамыту керек.

Сонымен, өнер шығармалары өзінің тәрбиелік, білім берушілік мақсаттарын мектеп оқушылары толығымен қабылдағанда, оның идеялы – көркемдік мәні игерілгенде бағындырады. Көркемдік шығарманың қабылдау процессіне көбірек көңіл бөлу өте маңызды.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Өтемұратова Б.С. Оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде қазақтың көркем мәдениетін пайдалануға музыка мұғалім дарін даярлау: автореферат. – Алматы, 2000 ж.
2. Музыка сабағында шығармашылық қабілетті дамыту// Бастауыш мектеп. - 2005 ж , №5. - 23 б. – 28 б.
3. Оқушыларға эстетикалық тәрбие берудегі музыканың рөлі// Бастауыш мектеп. - 2003 ж , № 11. - 18 б.
4. Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. – Астана, 2002 – 247 б.
5. Ұзақбаева С. Тамыры терең бәйтерек - Алматы: Білім, 1995ж. - 142 б.
6. А.Райымбергенов. Қазанғап – Ақжелең. Алматы, Өнер. 1984
7. Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрі. – Алматы, 1990

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ КӨНЕ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРЫ

Куанышбекова Б.Ә., I курс студенті «Музыкалық білім» мамандығының

Жетекшісі: аға оқытушы **Есмаганбетова Ш.К.**

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, Қостанай қ.